



## БҰЙРЫҚ

18.09.2018

Ақтау қаласы

## ПРИКАЗ

№ 625

город Ақтау

### **Банкроттықты басқарушыны тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңына сәйкес және 2018 жылғы 12 қыркүйектегі "Шаңырақ Строй Сервис" ЖШС-нің кредиторлар жиналысы шешімінің негізінде,

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Шаңырақ Строй Сервис" ЖШС-не Аманқалиев Нұрлыбек Санифаұлы банкроттықты басқарушы болып тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының талаптарына сәйкес банкроттықты басқарушының міндеттемесін орындау Н.С. Аманқалиевқа жүктелсін.
3. Банкроттықты басқарушы Аманқалиев Н.С. Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 19-бабы 4 тармағының талаптарын орындауды және банкроттық рәсімдерінің жүргізілу барысы туралы ақпаратты, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей беруді қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Мемлекеттік кірістер департаментінің Борыштармен жұмыс басқармасының Оңалту және банкроттық бөлімі басшысының м.а. Д.Н. Ондасиновқа жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың бір данасы "Шаңырақ Строй Сервис" ЖШС-нің банкроттықты басқарушысы Н.С. Аманқалиевқа жолдансын.

Басшы



Жаналинов Д.Е.